

Кербұлақ ауданы бойынша шетелдіктер үшін 2023 жылға арналған туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы

Жетісу облысы Кербұлақ аудандық мәслихатының 2022 жылғы 23 желтоқсандағы № 30 -175 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылы 6 қаңтарда № 31617 болып тіркелді

Ескерту. 01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі - осы шешімінің 2-тармағымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-10-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 5 қарашадағы № 787 "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Кербұлақ аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғанда туристерді орналастыру орындарындағы шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелері – болу құнының 5 (бес) пайызы бекітілсін.

2. Осы шешім 2023 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізіледі.

Кербұлақ аудандық мәслихатының хатшысы

К. Бекиев